

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы Ш.Ташкараеваның

2021-2022 оқу жылы барысындағы атқарылған жұмыстары жайлы

Мәлімет

Оқу жылының жылдық жоспары жасалып бекітілді. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірге әр сыныпта оқушының әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Жалпы мектеп-интернатқа 317 оқушы қабылданды. Аз қамтылған отбасынан 145 оқушы, көп балалы 142 оқушы, жартылай жетім 30 оқушы, тұл жетім оқушы жоқ.

Жаңадан келген оқушылармен танысып, жеке жұмыстар атқарылды. Қамқорлықтағы оқушылармен де жеке әңгімелесулер болды.

Отбасы күніне орай «Менің отбасымның жазғы демалысы» газеттер шығарылып, суреттер салынды. Нәтижесінде оқушылар шығармашылығы айқындалды.

«Күз ханшайымы-2021» байқауы өтті. Жаңадан келген қыздар және ұяндау оқшауланып жүретін қыздар қатысты. Нәтижесінде, марапатталды байқау жоғары дәрежеде өтті.

Біраз ата-аналар әлеуметтік көмек сұрап келді. Акцияның есебінен түскен қаражатқа қарай киімдер алынатынын айтып түсіндірдім.

«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға қайырымдылық концерт өткіздік. Қазығұрт аудандық мәдениет үйінің әншілері келіп концерт берді. Көркемдік жетекшісі Данияр Тантабаев бастап келді. Әртүрлі тақырыптағы әндер орындалды. Концертті Мейрамкул Садықұлқызы жүргізді. Мектеп ұжымы акцияға атсалысты. Акциядан түскен қаражатқа мұқтаж 28 оқушыға киімдер алып берілді. **Бітіруші түлектер үй ішіне киетін аяқ киім 135 оқушыға тарту етті.**

«Қылмыстық. Қылмыс. Жауапкершілік» АПБ-ң қызметкерлерімен АКТ залында кездесу өтті. Жиналысқа жоғары сынып оқушыларымен Мектеп директоры Юсупова А., ДТІЖО-ры О. Салибеков қатысып отырды. Нәтижесінде, қылмыстың алдын-алу, зорлық-зомбылықты болдырмау нақтылап айтылды.

Мектеп ұстаздарымен «Көмек қолын созайық!» қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Нәтижесінде оқушыларға тәттілер таратылды. 7-9 сынып оқушылары арасында «Сенім жәшігі» ұйымдастырылды. Сынып жетекшілермен бірге «Жақсылық жасай білейік!» Қайырымдылық акциясы өтті. Мұқтаж оқушыларға көмектер берілді.

Қиын қиынға бейім оқушылар арасында ақпанның 9-на «Мұқағали оқуларын» өткіздік. Нәтижесінде оқушылардың поэзияға құштарлығы байқалды.

Қиын қиынға бейім оқушылар «Отбасындағы менің орным» тақырыбында эссе жазды. Эссені оқып отырғанда байқалғаны отбасында бәрі де қалыпты екені көрінді.

Қамқорлықтағы оқушылармен «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке 5-9 сынып аралығындағы оқушылар қатыстырылды. Қорытынды бөлімде оқушылар кері байланыс жасап, рефлексия болды. 9-сынып оқушыларымен «Кім болам?» мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру мақсатында әңгімелесу жүргізілді. 2-3 оқушы ғана әлі мамандық таңдай алмай отыр. Әртүрлі сұрақтар берілді және психологиялық тест болып нәтижесі айтылды. «Өмірді бағалайық!» сурет байқауы өтті. Әсіресе, асфальтқа сурет салған 8а, б сыныптары, 9б сынып оқушылары мақтау қағазымен марапатталды.

2017 оқу жылында бітірген, 5 жылдық түлектер 40 оқушыны Түркістан-Шымкент қалаларына саяхатқа шығарды. 7-9 сынып оқушыларына 6 дана футбол добын сыйлады. Ұйымдастырушы Айтен Нұрқаділ мен Хамза Әлібиге оқушылар өз алғыстарын білдірді.

Жыл барысында барлық жоспарланған жұмыстар мен іс-шаралар өз дәрежесінде орындалды. Келесі 2022-2023 оқу жылы барысына атқарылатын жұмыстар жоспары жасалынды.

Әлеуметтік педагог: Ташкараева Ш.